





1	2	3	4
35.	2-[1,1'-Бис(дифенилфосфино)ферроценил]этилдиметиламин		bppfa
36.	Метилтрис(дифенилфосфинометилен)метан	$\text{CH}_3\text{C}(\text{CH}_2\text{PPh}_2)_2$	triphos

Үшфенилфосфинді синтездеу



Ақ түсті, ауада тұрақты кристалдар. Көптеген органикалық еріткіштерде ериді.

Алынуы [34]



Сыйымдылығы 1,0 л-лік, араластырғышпен, хлоркальций түтігі бар кері салқындатқышпен жабдықталған, домалақ түпті қолбаға 300 мл абс. толуол, 132,2 г (1,17 моль) хлорбензол және 55,73 г (0,4 моль) үшхлорлы фосфор салынады. Ауасын шығару үшін 1 сағат бойы инертті газ (аргон) жіберіледі. Содан соң, реакциялық қоспаны 70°C дейін қыздырады және араластыра отырып, 3-5 сағат бойы 24 г (1,04 г-атом) металдық натрий салынады (натрийды аздаған порциямен, шамамен 1-1,5 г-нан реакциялық массада әрекеттескен соң ғана салып отырады). Реакциялық масса температурасы 95°C асып кетпеу керек. Мұнан кейін реакциялық қоспаны түнге қалдырады. Келесі күні реакциялық қоспаны 75-90°C-де 6 сағат бойы араластырады. Бөлме температурасына дейін салқындатқаннан соң, қолбаға 10 мл абс. этанолды қосады және реакциялық қоспаны 50°C кезінде 0,5 сағат бойы араластырады. Содан соң реакциялық қоспадан бөлінген натрий хлоридін сүзеді, тұнбаны 100 мл абс. толуолмен